

Байгиреева Жанар Замашқызының «6D050600-Экономика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға дайындаған «ҚР денсаулық сақтау саласындағы адами капиталдың экономикалық тиімділігі: жай-күйі мен даму перспективасын бағалау» диссертациясына ресми рецензенттің жазбаша пікірі

№	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы); 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	«ҚР денсаулық сақтау саласындағы адами капиталдың экономикалық тиімділігі: жай-күйі мен даму перспективасын бағалау» атты диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын а адами капиталды дамытуға арналған бейіндік мемлекеттік бағдарламаларды негізге ала отырып жазылған. Диссертациялық жұмыс «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауына, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес орындалған.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады /қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған /ашылмаған	Диссертациялық жұмыстың негізгі ғылыми қорытындылары мен нәтижелері халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда жарық көрді.

			<p>Зерттеудің маңыздылығы диссертацияның кіріспе бөлімінде толық ашылған.</p> <p>Зерттеу нәтижелері мен материалдары Астана қаласы әкімдігінің «№2 Көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» Шаруашылық жүргізу құқығындағы Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына диссертациялық зерттеу нәтижелерін енгізу туралы актімен рәсімделген. Зерттеу нәтижелері мен материалдары ЖШС «Гематология орталығы» Шығыс Қазақстан облысының гематология бөліміне бойынша диссертациялық зерттеу нәтижелерін енгізу туралы АКТ алынды. Зерттеу нәтижелері мен материалдары «ESIL» Мекемесінің оқу үрдісінде «HR- менеджмент», «Сала экономикасы», «Ұйымдық мінез-құлық» пәндері бойынша дәрістік және практикалық сабақтар өткізу кезінде зерттеу нәтижелерін қолдану туралы сараптамалық акт алынған.</p> <p>Диссертация тақырыбы бойынша 12 ғылыми мақала жарияланған. Оның ішінде 1 мақала Scopus ақпараттық базасында, 3 мақала Қазақстан Республикасының БҒМ білім мен ғылым саласын реттеу Комитетімен мақұлданған ғылыми басылымдарда және 8 мақала халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында жарияланды.</p>
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен;	Ізденуші зерттеу барысында жалпы ғылыми-экономикалық, соның ішінде аналитикалық, статистикалық, салыстырмалы графикалық, логикалық талдау әдістерін ұтымды қолданған. Эмпирикалық

		4) өзі жазбаған.	мәліметтерді талдау негізінде бағалау мен мониторинг жүргізу, берілген мәселенің мәні мен маңызына деген жүйеленген теориялық көзқарастарды айқындап, Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымы ұсынған сауалнама негізінде медициналық мекемеде адами капиталдың экономикалық тиімділігіне бағалау жасаған. Және ақпараттар мен мәліметтерді сараптау мен өңдеу, нәтижелер бойынша жарияланымдар әзірлеу мен басқа да формадағы апробация жұмыстарын өз бетінше ұйымдастырып, әзірлегені айқын байқалады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі негізделген, яғни, денсаулық сақтау саласы қоғамның маңызды әлеуметтік-экономикалық саласы болып табылады, өйткені медициналық қызметкерлердің экономикалық тиімділігі берілген саланың даму перспективасын анықтайды. Яғни, денсаулық сақтау саласындағы адами капиталдың экономикалық тиімділігі, ең алдымен, медициналық көмектің жекелеген элементтерін дамыту ретінде ғана емес, сонымен қатар адами капитал, атап айтқанда әлеуметтік-гигиеналық тұрғыдан болашақ кірістер ағынын қалыптастыру ретінде қарастырылған. Тиісінше, Денсаулық сақтау стратегиясын әзірлеу қоғам денсаулығының деңгейін (туу коэффициенті, өлім – жітім, сырқаттанушылықтың бюджетке ауыртпалығы, мүгедектік және т.б.) арттыруға мүмкіндік береді және жекелеген әлеуметтік-экономикалық, демографиялық процестердің динамикасына әсерін айқындау қажеттігін білдіреді. Қазіргі уақытта әлем бойынша адами

			<p>капиталды дамыту үлкен мәнге ие, өйткені ол нарықтық қатынастардың маңызды құбылыстарын зерттеуге, қоғамның экономикалық және әлеуметтік қабілетін анықтайтын адам капиталына салынған инвестицияның тиімділігін анықтауға мүмкіндік береді. Мемлекеттің салалық саясаты мен адам денсаулығы арасындағы байланыстың сипаты мен заңдылықтарын анықтау медицинадағы адами капиталды дамытудың негізгі проблемаларының бірі болып табылады. Адамның қазіргі экономикалық жүйенің негізгі «тиімді экономикалық көрсеткішке» айналуы экономикалық ұғымдар мен әлеуметтік-экономикалық ғылымдар теориясының мазмұнында терең өзгерістерге әкеледі. ХХІ ғасырдағы жахандану ғылымдардың бүкіл кешенін дамытудың ең перспективалы бағыттарының бірі-адами капиталды дамыту тұжырымдамасы екенін көрсетіп отыр.</p> <p>Алынған нәтижелердің ішкі бірлігі диссертацияның құрылымдық сипаты мен әр тараудың соңында берілген қорытындылары арқылы да көрінеді.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды</p>	<p>Диссертациялық зерттеудің маңыздылығы, оның теориялық және әдістемелік тұрғыдан жеткіліксіз зерттелуі тақырыптың өзектілігін анықтайды, яғни, Қазақстанның денсаулық сақтау саласындағы адами капиталдың экономикалық тиімділігін дамыту қазіргі кезеңдегі практикалық маңыздылығын, оның қазіргі жай-күйін бағалай отырып даму перспективасын анықтау арқылы Республикада саланы жетілдіру</p>

			<p>бойынша практикалық ұсыныстарды әзірлеу қажеттілігімен айқындалады.</p> <p>Диссертация мазмұны зерттеу тақырыбын толығымен айқындайды. Диссертация адами капиталдың тұжырымдамалары мен экономикалық даму тарихын зерттей келе, «адами капитал» ұғымына авторлық анықтама беріп, мемлекеттің денсаулық сақтау саласындағы адами капиталды дамыту жөніндегі озық шетелдік модельдерді зерделеу, салыстыру; Қазақстанның денсаулық сақтау саласында адами капиталды қалыптастырудың (дамытудың) экономикалық тиімділігіне бағалау жүргізу және Денсаулық сақтау саласындағы өмір сапасының көрсеткіштерін интегралды талдау; Көрсеткіштердің теңгерімді жүйесіне негізделген денсаулық сақтау саласындағы адами капиталды дамытудың экономикалық тиімділігін дамытудың экономико-математикалық моделін және тұжырымдамалық тәсілдерін жасау тәрізді ұсыныстарды қамтиды.</p>
		<p>4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) <u>сәйкес келеді;</u></p> <p>2) жартылай сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына сәйкес келеді, қойылған мақсат пен міндеттер жұмыс тақырыбына қатысты негізгі мәселелерді қамтиды. ҚР денсаулық сақтау саласындағы адами капиталдың экономикалық тиімділігін дамытудың ғылыми негіздерін басшылыққа ала отырып 6 міндетті шешу қажеттігін анықтаған.</p>
		<p>4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p>	<p>Диссертациялық зерттеу ішкі біртұтастығы бар, логикалық аяқталған ғылыми еңбек болып табылады.</p>

		<p>1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>Зерттеудің нақты берілген мақсаты мен міндеттері диссертацияның әр тарауында теориялық және әдістемелік шешімін тапқан, сондай-ақ қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдар құрастырылған. Барлық тұжырымдар мен қорытындылар өзара бірізділікпен айқындалған. Бөлімдер арасында логикалық байланыс толығымен сақталған.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген.</p>	<p>Диссертациялық жұмыста қарастырылған әрбір тұжырым толыққанды зерттеліп, жан – жақты бағалау нәтижесінде талдау жасалған. Зерттеу нәтижелері, тұжырымдары аталып отырған диссертацияның тақырыбына сәйкестігі ғылыми еңбектермен толықтай дәлелденген. Сондай - ақ автордың өзіндік жеке тұжырымдық көзқарастары мен отандық және шетелдік ғылыми кеңесшілердің кеңестеріне сәйкес зерделенген және бірігіп жұмыс атқару нәтижесі сыни талдау мен жүйеленген бірізділікте көрінеді.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25 % кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Мазмұны анықтамалардан, кіріспеден, үш тараудан, қорытынды мен пайдаланған әдебиеттерден тұратын диссертациялық жұмыс «Дәрежелер беру қағидаларының» 2,5,6 тармағына толығымен сәйкес келеді және онда төмендегідей ғылыми нәтижелерге қол жеткізілген: 1- нәтиже - Денсаулық сақтау саласындағы адами капиталды бағалау әдістері мен тұжырымдамалары (жахандық адами даму индексы, халықтың денсаулық капиталын бағалаудағы негізгі көрсеткіштері, адами капиталдың экономикалық тиімділігі, адами</p>

			<p>капиталдың медициналық тиімділігі) айқындалып, ұсынылды. Бұл нәтиже жартылай жаңа болып табылады.</p> <p>2 - нәтиже - Шет елдік адами капиталды дамыту бойынша озық үлгілерді Қазақстан экономикасына кіріктендіру жолдары қарастырылды және шет елдік және отандық ғалымдар мен экономистердің түсініктерін саралай отырып, «адами капитал» ұғымына авторлық анықтама берілді. Бұл нәтиже жартылай жаңа болып табылады.</p> <p>3 - нәтиже - ҚР Денсаулық сақтау саласының негізгі көрсеткіштері талданып, берілген салада адами капиталды қалыптастырудың экономикалық тиімділігі бағаланды. Бұл нәтиже жартылай жаңа болып табылады.</p> <p>4 - нәтиже - Денсаулық сақтау ұйымының адами капиталының сандық деректерін, сонымен қатар медициналық қызметкерлердің еңбек өтілі, жасы, білім деңгейі және кәсіби құзыреттілігі/санаты сияқты сапалық сипаттамалары сараптау нәтижесінде денсаулық сақтау саласындағы өмір сапасының көрсеткіштерін интегралды бағалау әдістемесін қолдана отырып, денсаулық сақтау саласында адами капиталды талдау мақсатында ДДСҰ ұсынған макроэкономикалық көрсеткіштер QALY және Парето әдістерін қолдану арқылы талдау жүргізілген. Бұл нәтиже жаңа нәтиже болып табылады.</p> <p>5 - нәтиже - ҚР денсаулық сақтау саласында регрессиялық-корреляциялық модельдерді қолдану негізінде адами капиталды дамытуда мемлекеттік</p>
--	--	--	--

			<p>қолдау шараларына сараптамалық бағалау жасалды. Бұл нәтиже жаңа нәтиже болып табылады.</p> <p>6 - нәтиже - Медициналық мекемелерде адами капиталды дамытудың экономикалық тиімділігінің көрсеткіштерін жетілдірудің негізгі жолдары мен ҚР денсаулық сақтау саласының адами капиталды дамытудағы мемлекеттік басым бағыттар бойынша ұсыныстар әзірленді. Бұл нәтиже жаңа нәтиже болып табылады.</p> <p>Автор диссертациялық жұмыстың маңызды ғылыми нәтижелерін теориялық зерттеулерді негізге ала отырып практикалық қолдану мүмкіндігін аша білген.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25 % кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыста тұжырымдалған ғылыми нәтижелердің, қорытындылардың жаңалық дәрежесін жақсы деп бағалауға болады. Ғылыми нәтижелер мен қорытындылардың ғылыми жаңалығы негізделген болып табылады.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25 % кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Экономикалық және басқару шешімдері жаңа және негізделген, диссертациялық жұмыс ҚР денсаулық сақтау саласындағы адами капиталдың экономикалық тиімділігін бағалау және дамыту бойынша теориялық – әдістемелік ұсынымдарды әзірлеуге бағытталған.</p>

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u> / негізделмеген	<p>Диссертациялық зерттеудің негізгі қорытындылары мен нәтижелері практикалық тәжірибені жалпылау және зерттеу нәтижелерін бағалау кезінде тарихи, монографиялық, экономикалық-әдістерге негізделген сыни зерттеу жұмысы болып табылады. Диссертациялық жұмыста қарастырылған әрбір тұжырым барынша зерттеліп, жан – жақты зерделенген. Зерттеу денсаулық сақтау саласындағы адами капиталдың отандық және шетелдік ғалымдарының классикалық және заманауи тұжырымдамалары мен әзірлемелері, заңнамалық және нормативтік актілер, монографиялық зерттеулер материалдары, статистикалық материалдар, мерзімді басылым мақалалары және зерттеушінің жеке басылымдық еңбектерімен толықтай дәлелденген. Сонымен қатар, автордың өзіндік жеке тұжырымдық көзқарастары мен отандық және шетелдік ғылыми кеңесшілердің кеңестеріне сай құрастырылған.</p> <p>Диссертациялық зерттеудің нәтижелері заманауи экономикаға және экономикалық теорияның талаптарына сәйкес келеді. Диссертацияның мазмұны Қазақстанның денсаулық сақтау саласындағы адами капиталдың экономикалық тиімділігі мен даму перспективасын қалыптастыру жолдарын және алға қойылған ғылыми нәтижелерді, қалыптасқан тұжырымдарды негізді және шынайы көрсетеді.</p>
7.	Қорғауға шығарылған	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:	Диссертацияда алынған әр қағидаттың негізділігі мен дұрыстығы келесідей расталады:

негізгі қағидаттар	<p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді;</u> 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия; 2) <u>жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия;</u> 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең.</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия;</u> 2) жоқ</p>	<p>- диссертациялық зерттеудегі белгілі бір мақсаттар мен міндеттер теориялық ережелері мен алынған талдау нәтижелерін зерттеуге негізделген;</p> <p>- диссертациялық жұмыста отандық және шетелдік ғалымдардың көптеген еңбектері зерделенді, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері зерделенді, статистикалық материалдардың үлкен көлемі зерттелген;</p> <p>- зерттеудің жалпы және арнайы әдістерін, атап айтқанда экономикалық-математикалық талдау әдістерін, салыстырмалы талдау әдістерін қолданған.</p> <p>Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар бойынша:</p> <p>1. Адами капиталдың тарихи-экономикалық тұжырымдамаларын зерттеп, экономикалық даму хронологиясын құрастыру; денсаулық сақтау саласындағы адами капиталды бағалау әдістері мен тұжырымдамалары жасалған;</p> <p>2. Шет елдік және отандық ғалымдар мен экономистердің түсініктерін саралай отырып, «адами капитал» ұғымына авторлық анықтама беруге қадам жасау; шет елдік адами капиталды дамыту бойынша озық үлгілерді Қазақстан экономикасына кіріктендіру жолдары қарастырылған;</p> <p>3. ҚР Денсаулық сақтау саласын дамытудың негізгі көрсеткіштерін талдап, берілген салада адами капиталды қалыптастырудың экономикалық тиімділігіне бағалау жасалған;</p>
--------------------	---	---

			<p>4. Денсаулық сақтау ұйымының адами капиталының өмір сапасының көрсеткіштерін интегралды бағалау әдістемелерін әзірлеу; денсаулық сақтау саласында адами капиталды дамыту мақсатында ДДСҰ ұсынған макроэкономикалық көрсеткіштерді қолдану арқылы талданған;</p> <p>5. ҚР денсаулық сақтау саласында регрессиялық-корреляциялық модельді қолдану негізінде адами капиталды дамытудағы мемлекеттік қолдау шараларына сараптамалық бағалау жүргізілген;</p> <p>6. Медициналық мекемелерде адами капиталды дамытудың экономикалық тиімділігінің көрсеткіштерін жетілдірудің негізгі жолдары мен ҚР денсаулық сақтау саласының адами капиталды дамытудағы мемлекеттік басым бағыттары ұсынылған.</p> <p>Қағидаттар дәлелденген Тривиалды емес Жаңа Қолдану деңгейі кең Диссертация жұмысы мақалаларда дәлелденген</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған акпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ	Жұмыстың әдістемесі негізделген. Зерттеу барысында қойылған міндеттерді шешу мен талдауда бірнеше әдістері қолданылған: салыстырмалы, экономикалық-статистикалық, үздіксіз және іріктеп зерттеу әдістері, графикалық әдістер қолданылған. Денсаулық сақтау саласында адами капиталды талдау мақсатында ДДСҰ ұсынған бірегей макроэкономикалық

			<p>көрсеткіштер- QALY және Парето әдістерін қолдану арқылы талдау жүргізілген және ҚР денсаулық сақтау саласында регрессиялық-корреляциялық модельдерді қолдану негізінде адами капиталды дамытуда мемлекеттік қолдау шараларына сараптамалық бағалау жүргізілген.</p> <p>Диссертациялық зерттеу негізделген және дәлелді ережелері мен нәтижелерін қалыптастыра отырып, аралық қорытындыларды толықтыратын теориялық және практикалық бөлімдерді қамтитын логикалық байланысты кешенді зерттеу болып табылады.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Денсаулық сақтау ұйымының адами капиталының сандық деректерін, сонымен қатар медициналық қызметкерлердің еңбек өтілі, жасы, білім деңгейі және кәсіби құзыреттілігі/санаты сияқты сапалық сипаттамалары сараптау нәтижесінде денсаулық сақтау саласындағы өмір сапасының көрсеткіштерін интегралды бағалау әдістемесін қолдана отырып, денсаулық сақтау саласында адами капиталды талдау жасалған. Әлемдік SF-36 сауалнамасы бойынша өмір сүру сапасын кешенді бағалау моделінің схемасы құрастырылған және қорытынды нәтиже өмір сапасының көрсеткіштері бойынша сарапталып, қорытынды келтірілген.</p>

	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, моделдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Теориялық қорытындылар, модельдер, бағалау мен тиісінше жүргізіліген талдаулар өзара байланысты және сауалнама негізінде эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған. Зерттеу нәтижелері мен материалдары Астана қаласы әкімдігінің «№2 Көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» Шаруашылық жүргізу құқығындағы Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына диссертациялық зерттеу нәтижелерін енгізу туралы актісімен расталған. Зерттеу нәтижелері мен материалдары сауалнама жүргізу нәтижесінде ЖШС «Гематология орталығы» Шығыс Қазақстан облысының гематология бөлімі бойынша диссертациялық зерттеу нәтижелерін енгізу туралы қорытынды алынған.</p>
	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған/ішінара <u>расталған</u>/ расталмаған</p>	<p>Зерттеу нәтижесінде алынған тұжырымдар мен қорытындылар нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Әдістемелік тұжырымдар бағалау нәтижелері арқылы талданып, ғалымдардың салалық, ғылыми қағидалары негізге алынып, ізденушінің өзіндік тұжырымдамаларымен қорытындыланған. Зерттеу барысында медициналық мекемелердің қаржылық-экономикалық ресми мәліметтері және мемлекеттік статистикалық ақпараттар қолданылған.</p>
	<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u>/жеткіліксіз</p>	<p>Диссертациялық жұмыста пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасау үшін жеткілікті, жұмысты орындау барысында 149 отандық, шет елдік әдебиеттер мен еңбектеріне шолу жасалған.</p>

			Қолданыстағы әдебиеттер жинағы диссертацияның теориялық та, әдістемелік те негізін жүйелеуге толық мүмкіндік береді.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>ия;</u> 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңызы бар, ол ҚР денсаулық сақтау саласындағы адами капиталдың экономикалық тиімділігін бағалау және дамыту бойынша теориялық – әдістемелік материал болып табылады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия;</u> 2) жоқ	Зерттеу нәтижелерінің практикалық маңызы бар, Денсаулық сақтау саласындағы адами капиталдың экономикалық тиімділігін бағалау және саланың даму перспективасы қарастырылған, сонымен қатар диссертациядағы ұсынылған әдіс- тәсілдер медициналық мекемелерде адами капиталды дамытудың экономикалық тиімділігінің көрсеткіштерін жетілдіру жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және ҚР Денсаулық сақтау саласындағы адами капиталды дамытудың басым мемлекеттік бағыттары бойынша шараларды іске асыруға мүмкіндік береді.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады);	Зерттеу барысында ҚР денсаулық сақтау саласында регрессиялық-корреляциялық модельдерді қолдану негізінде адами капиталды дамытуда мемлекеттік қолдау шараларына сараптамалық бағалау жасалды; - Мемлекет аясында медициналық мекемелерде адами капиталды дамытудың экономикалық тиімділігінің көрсеткіштерін жетілдірудің негізгі жолдары мен ҚР денсаулық сақтау саласының адами капиталды дамытудағы мемлекеттік

			басым бағыттар бойынша ұсыныстар әзірленді. Бұл ұсыныстар жаңа болып табылады.
10.	Жазу және рәсімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>Жоғары;</u> 2) Орташа; 3) Орташадан төмен; 4) Төмен.	Диссертациялық жұмыстың академиялық жазу сапасы жоғарғы деңгейде, орфографиялық және стилистикалық қателер кездеспеді. Зерттеу жұмысы «Дәрежелер беру қағидаларының» талаптарын толық орындайды.

Диссертациялық жұмыс зерттеліп отырған тақырыптың қажеттілігі, ғылыми нәтижелер мен қорытындылардың негізделгендігі және жаңалығы бойынша іздену жұмыстарына қойылатын талаптарға толық жауап береді.

Аталғандарды ескере отырып Ж.З. Байгиреева «6D050600-Экономика» маманығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Ресми рецензент:
экономика ғылымдарының докторы,
профессор, NARXOZ University



Доскеева Г. Ж.